Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

8 наурыз сенбі

№18 (2131)

2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ӘЙЕЛГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ – ҰЛТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қоғамда қай кезде де әйел затының орны бөлек. Отбасының берекесі, қоғамның бейнесі саналған нәзік жандардың шаңырақтың берекесін сақтауда да, ұрпақ тәрбиелеуде де ізгі қоғам қалыптастыруда қосар үлесі бар. Бүгінде әйелдердің белсенділігі қай салада да болсын артып келеді. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» нәзік жандардың уақыт талабына бейімделіп, ғылымда да, кәсіпкерлікті де меңгеріп, тіпті кез келген саланы үйіріп әкететінін уақыт көрсетіп келеді. Табиғаты нәзік жандардың белсенділігі мемлекеттің, қоғамның қолдауының нәтижесі екені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді», – деген болатын.

Ел Президентінің бастамасымен жетекші билік органдарында әйелдерге арнайы квоталар берілді. Нәтижесінде Парламент пен мәслихаттардағы әйелдер үлесі артып келеді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметі бойынша қазіргі кезде Парламентте 28 әйел депутат бар, бұл жалпы депутаттар санының 18,9%-ы. Мәслихаттарда әйелдердің үлесі – 22,7%-ға (3415 депутаттың 774-і) жеткен.

Мемлекеттің 21 министрлігінде, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және ақпарат министрліктерінде 3 әйел министр, 8 вице-министр, 3 аппарат басшысы бар. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін 14 мемлекеттік органда 6 әйел басшылық қызмет атқарады. Ел бойынша судья әйелдердің жалпы саны – 1248 адам (53%).

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 55,8%-ға (84482 мемлекеттік қызметшінің 47158-і – әйелдер) жетті. Басшылық лауазымдардағы әйелдердің жалпы үлесі – 39,1% (23947 басшының 9 363-і).

Сонымен қатар Үкімет әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөлуде. Шағын және орта бизнес иелерінің құрылымында әйел кәсіпкерлердің үлесі 48%-ға жетті.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мақсатында бірқатар бағдарламалар іске асуда. Мәселен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қызмет еткен кезең ішінде 4,1 млрд теңге көлемінде 105 мыңнан астам әйелдің жобасына қолдау көрсетті.

Бүгінде әйелдердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған арнайы бағдарламалар бар. «Отбасы банк» пен Азия даму банкі бірлесіп, «Ұмай» ипотекалық бағдарламасын іске қосты. Үш жыл ішінде бұл бағдарлама 3 660 қазақстандық әйелге баспана сатып алуға көмектескен. Жалпы несие көлемі – 41,2 млрд теңге. Сондай-ақ асыраушысынан айырылған әйелдер де енді мемлекеттік тұрғын үй алу кезегіне жеке санат ретінде енгізілмек.

Өткен жылы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң қабылданғаны белгілі. Заңда қылмыстық жауапкершілік қатаңдатылып, отбасы институтын нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірқатар нормалар бекітілді.

Президент тапсырмасы мен Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінде «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау» басқармасы құрылды. Әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстарды тергеу үшін арнайы әйел тергеушілер тағайындалған.

Бүгінгі күнге дейін әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар 16 мың әйелдің құқығын қорғады. Заң қабылданғаннан кейін Мәдениет және ақпарат министрлігі үйлестіретін бірыңғай Отбасын қолдау орталықтары желісі құрылды. Өткен жылдың маусым айынан бастап мұндай орталықтардың саны 33-тен 104-ке дейін артқан. Сонымен қатар өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау ерте мақсатында бірнеше министрліктің өкілдерінен құралған мобильді жұмыс топтары құрылды. Бұл да әйелдерге қамқорлық мақсатында жасалып жатқан нәтижелі жұмыстың бірі екені даусыз.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Сәлима МАЛИМОВА, ардагер ұстаз, «Анаға тағзым» орталығы әдістемешісі, «Жас Отау» клубының жетекшісі:

БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ ҚҰРСАҚТАН БАСТАЛАДЫ

Қоғамдағы ана рөлі қаншалықты? Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген қазақ әйелдерінің кешегісі мен бүгінгісінің арасындағы айырма қандай? Салт пен санадағы сан сұрақтың жауабын білмек мақсатта біз «Анаға тағзым» орталығының әдістемешісі, ардагер ұстаз Сәлима Шалабайқызымен сұхбаттасқан едік...

– Сәлима Шалабайқызы, «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» деп тұтас қазақ тебірене жырға қосатын, әнімен әлдилейтін, шабытының музасына балайтын ана деген қастерлі ұғымның осыншалықты құдыреті қандай? Тұтас әлем бас иеді иә...

– Мен сөзімді Мемлекет басшысының «Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесінен басталады. Әр баланың жетістігі – ана махаббатының жемісі. Ұлы Абай айтқан «Толық адамға» тән асыл қасиеттер ұрпақтың бойына ана арқылы дариды» деген сөзімен бастағым келіп отыр.

Ия, ана – дүниеге ұрпақ әкелуші жалғыз құдірет иесі. Ана есімінің күннің көзі, туған жер, Отан ұғымдарымен қатар тұруы да сондықтан. Қай балаға болсын, басты өнеге – ол өзінің ата-анасы, сонан соң жақындары. Сондықтан бала тәрбиесіндегі ананың орны, рөлі, ұстанымы ерекше болмақ. Ұрпағына дұрыс тәрбие беру – ананың басты миссиясы.

Баланың дүниеге келуі, ол – әрбір отбасының ең үлкен қуанышы. Ата-ананың өмір жалғасы, отбасының шаттығы. Атам қазақ ұрпағының дені сау, дұрыс жетілуін, салауатты болуын құрсақта жатқан кезінен бастап-ақ ойлаған, яғни, баланы тәрбиелеу оның құрсақтағы кезінен басталған. Оны педагогика, психология ғылымы да қоштайды.

4-БЕТТЕ

«Болашақтан» болашаққа бет алған СПОРТШЫЛАР

Биыл «Болашақ» университетінің негізі қаланғанына – 30 жыл. Осы жылдар ішінде оқу орнынан талай түлек қанат қақты. Әрісі жоғарғы жақта мінберлерде мемлекеттік мәселелерді сөз етіп жүрсе, берісі арамызда жүр. Біз бүгін оқу орнының спортшыларды да тәрбиелеп жатқанын сөз етпекпіз.

Оқу орнының арнайы спорт кешені бар. Мұнда сайдың тасындай сақа шәкірттердің өздерін дамытып, жаттығуына барлық мүмкіндік жасалған. Бар күшіңмен ышқына тепкен добыңның өзі төбедегі қаптамаға жетпейді. Арғы басында жүрген адамға айғайламасаң, дауысыңды да есту қиын. Біз барғанда осы кешеннің ішінде бір топ бала доп қуып жүр. Қимылы ширақ. Кейбірінің бойынан болашақ чемпионды байқағанымыз да жасырын емес. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Саламат Дәужігітов шәкірттеріне төрелік етіп, олардың бейімін арттырып жүр екен.

– Шәкірттеріміздің спортқа ықыласы ерекше. Өздерінің бейімін байқап, спорт түрлеріне бөліп, кеңес береміз. Қазір шүкір, бірқатар чемпиондарымыз оқу орнының ғана емес, тұтас аймақтың даңқын асырып жүр. Әлем, Азия чемпионаттарында қоржынға олжа салғандары да көп. Әрине, бұл – біз үшін үлкен мақтаныш. Топ жарған таланттарымыздың деңгейіне байланысты оқу орны да олардың оқу ақысына едәуір жеңілдіктер жасайды. Бұл балалардың ынтасын арттырады, – дейді Саламат Дәужігітов.

Университеттің жаратылыстану және спорт кафедрасында Саламат тәрізді 12 оқытушы балаларға сабақ беріп жүр. Олардың ішінде 6 оқытушы Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы болса, үшеуі – магистр, тағы үшеуі – аға оқытушы. Олардың берген бағыт-бағдарын алып, 800-ге жуық студент тәрбиеленіп келеді. Солардың бірі – Наргиз Уаисова. Ол 13 жылдан бері спорттың дзюдо түрімен шұғылданады. Қазіргі таңда спорт шебері деңгейіне жетті. Біз барғанда жолдан кеп жатқан спортшы Ақтөбедегі байрақты бәсекеде жеңімпаз атанып, аймақтың абыройын асырып келген беті екен.

– Ақтөбе қаласында Марат Оспановты еске алуға арналған халықаралық турнирде топ жарып, I орынды қанжығама байлап келіп отырмын. Әрине, қай сайысқа барсаң да тек жеке басыңды ойламайсың. Артыңда сенімі мен үмітін артып елің тұр. Өзім спортқа келгеніме өкінбеймін. Қайта қуаныштымын. Өзімді спорттан таптым. Тағы бір айта кетерлігі, спортқа адам құр қол келмейді. Оның кеудесінде асқақ арман болады. Мысалы, менің арманым, әрі алға қойған мақсатым – Олимпиадаға бару. Қазір осы бағытта тынымсыз дайындалудамын, – дейді спортшы Наргиз.

4-БЕТТЕ

Жұмақ деп білсем жер бетін,

ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚЫЗДАР

Таңның атысы, күннің батысы демей, олар бір жылда қаншама нысанда қолтаңбасын қалдырып жүр. Әлі толық бітпеген үйлердің жанындағы көрініске сән беріп жүрген қызғалдақтар дерсің... Жұмыстағы қызықтарын айтқанда бірінің сөзін бірі іліп алып, жалғай кетеді. Маржандай тізі жарқырай күліп, «біздің әрбір күніміз осындай көңілді өтеді» деді. Күннің салқыны да, жұмыстың ауыры да олардың көңіл-күйіне әсер етпейтін тәрізді.

Әйгерім Қызбалаева үйді пайдалануға бергеннен кейін сатып алған өңірдегі құрылыста өзінің орны бар «Интергострой» мекемесінде жұмыс істейді. Қолын құрылыс айналдырып, білегін жаңа жақын жиырма жылға жұмысты дады. Бірақ жұмысты жыныска бөлмейтін дағдысымен еңбектің ауыры, жеңіл деп қараған жоқ. Облыс орталығындағы көпқабатты үйлердің көпшілігінде қолтаңбасы бар. Тіпті Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханаға да құрылыс жұмыстарына атсалысқан. Одан бері де бірнеше мектеп, спорт мектептерін салуға қатысты.

– «Онай жерде нан жоқ» дейді дана халқымыз. Адал еңбек етіп, өзіннің орнымен жүрсең, жетістікке жетесің. Маған жұмыстың ауырлығы жаныма батпайды, кейде күнде пайдалануға бергеннен кейін сатып алған тұрғындардың «тырнақ астынан кір іздегені» болмаса, басқасының бәрі керемет. Мекеме бар жақ жағдайымызды жасап келеді. Қызметтік көлік табанымызды жерге тигізбей үй мен нысан арасында тасиды. Қарап отырсаңыз, бір тұрғын үйдің өзінде іргетасынан бастап бірнеше жүздеген адамның еңбегі бар. Елге жайлы жағдай жасауда өзімнің де үлесім бар екеніне мақтанамын. Қоғамға керек екенінді сезіну – бір бақыт. Құрылысшы болғаныма өкінбеймін, – дейді құрылысшы Әйгерім Қызбалаева.

Шеберлігімен көзге түсіп жүрген біліктімаман кейінгі жастардың шыдамсыздығын

– Шыныменді айтсам, өмірімізді басым бөлігі жұмыста өтеді. Күндіз ояу жүретін уақытыңызды есептеп көріңіз. Сондықтан адамның өзінің көңіл-күйі мен өмір суру дағдысына ұжымның ықпалды зор. Біз бір үйдің баласындаймыз. Бірбіріміздің сыр жасырмаймыз. Бір-бірімізге колдау көрсетеміз. Бұл жұмыстың ең бір керемет жері – өз қолымнен құрылысына атсалыскан нысанның жанынан өтіп бара жатып, ғаламат күй кешесің. Мәселен, қаладағы бірнеше мектептің қосымша құрылыстарын салдық. Қазір сол жердегі балалардың ішінде болашақ ғалым, футболшы, әкім, тіпті Президент те болуы мүмкін. Солардың сапалы білім алуына үлес қосқаным әркез ойымда жүреді. Бұл – тек менің жұмысым ғана емес, өмірім, – дейді құрылысшы Салтанат.

Мархабат Қанымкенқызы да – осы саланың өкілі. Оның құрылыска келгеніне небәрі үш ай ғана болған. Бірақ мықты ұстаздардың арқасында ол біраз нәрсені үйреніп алды.

– Үш ай аз уақыт шығар, бірақ адамның үйренің алуына ең бірінші ынтасы мен ықыласы ықпал етеді. Мен көп нәрсені үйрендім, бұрын-соңды аздап хабарым бар еді, бірақ жаңа салаға ашуға ешқашан кеш емес екенін білдім. Қазір өмірді жаңадан бастауға, жаңа парақ келіп, аймақта салының жаңарығы, бақыттың ұясы етіп жатқаныма тұрғын үйлерде еңбек баспана шаттықтың шаңырағы, – деп білегін болсын, – дейді Мархабат өзінің қызметін мақтан етіп.

Сырттай қарап, жұмыстарына біраз сүйсініп тұрдық. Қазақ «қыздың жиған жүгіндей» деп, осындай жинақы жұмыстарды айтса керек. Құрылысшы қыздардың жүріп өткен әрбір жолында керемет өрнек қалып отырғандай. Мұндағы құрылыс шеберлері Еркебұлан Омаров біздің бұл сөзімізді қуаттай түсті.

– Менің мамандығым – құрылысшы. Осында шеберге дейінгі барлық қызмет сатысынан өттік. Біз кәсіпқой ретінде ер азамат болған соң колдау көрсетесің, – өз жұмысының шеберлігі. Берілген жұмысты мүлтіксіз орындайды. Әлбетте, ер азамат болған соң колдау көрсетесің, – дейді ол.

«Ұрыста тұрыс жоқ», – деп білегін сыбанды Әйгерім. Біз де қайтуға ыңғайланғанда олардың алтын уақытын алғанымызды түсіндік. Бәрін де ел игілігіне ынғайлап жасап, өздерінің еңбеккорлығымен тәнті етуге тағы да кірісіп кетті.

Осы салының жаткан жаңа үйлердің әрбірінде өзіннің колтаңбан калып жатса, кандай бақыт, иә...

Дәулет КЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

АНАЛАРДАН АЛҒЫС МӨЛДІР

Ана болу – зор бақыт. Жүрегінің ішінде тағы бір жүрек лүпілі сезіліп жатқанын сезінген әйел затына үлкен жауапкершілік жүгін жүктейді. Болашақ ана ретінде өзін-өзі күтіп, денсаулығына мән береді. Бұл кезеңде дәрігер көмегі қажет-ақ. Осы орайда әйелдерді босандырып, сәбиді дүниеге аман-есен әкелу гинекологтарға жүктелген. Сондай білікті маманның бірі – облыстық перинаталдық орталықта дәрігер акушер-гинеколог қызметін атқаратын Мөлдір Жамбылқызы.

Орталық ана мен бала денсаулығына ерекше көңіл бөліп келеді. Мұнда гинеколог қызметін атқаратын Мөлдірдің жұмысын әріптестері жоғары бағалайды.

– Бүгінде ана мен бала денсаулығына көп көңіл бөлінуде. Сәби өлімі азайып, туу көрсеткіші артып келеді. Осы орайда, демографиялық ахуалдың жақсаруына дәрігерлердің қосқан үлесі зор. Себебі бізге жүктелер міндет қашанда салмақты. Мемлекеттің ең басты байлығы – адам және оның денсаулығы, – дейді гинеколог.

Ақ халатты абзал жан болу Мөлдірдің бала күнгі арманы еді. Дертіне дауа іздеген дімкәс кісілерге әрқашан көмек қолын созғысы келіп тұратын. Ата-анасы оның болашақ арманына қолдау білдірді. Осылайша, 2005 жылы М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне оқуға түсіп, 2012 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алып шықты. Әрине, бұл саланың арқалар жүгі ауыр. Мамандығының қыр-сырын меңгеру үшін көп ізденді.

Еңбек жолын 2012 жылы Сырдария орталық аудандық ауруханасына жұмысқа қабылданып, гинекология бөлімшесінің меңгерушісі ретінде бастаған. Онда 2014 жылы бас акушер-гинеколог, 2015 жылы перзентхана, гинекология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Ал 2016 жылы «Сәулелік диагностика» мамандығы бойынша қайта даярлаудан өтіп, 2017 жылдан бері облыстық перинаталдық орталыққа жұмысқа қабылданып, қызмет атқаруда. Саладағы жұмысына қызығушылығы күннен-күнге арта түсті. Соның нәтижесінде он үш жылдан бері қызметте абырой биігінен көрінуде. Яғни өзіне жүктелген сенімді жауапкершілікпен арқалап жүр. Еңбек ете жүріп, бірнеше рет Астана, Алматы, Семей қалаларында біліктілігін арттырған.

Бүгінде Мөлдірдің ұжымда мерейі үстем, өз ісінің нағыз маманы.

– Дені сау анадан ғана дені сау бала өмірге келеді. Мәселен, әрбір әйел, отбасы баланы жоспарлау, денсаулықты күту, жүктіліктегі дайындыққа ерекше мән беруі керек. Себебі ана мен бала өлімінің алдын алудың бірден бір жолы – осы. Бірақ, өкінішке орай, бұл мәселеге көп адам көңіл бөлмейді. Халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп, дәрігер деген атына кір келтірмеу – басты мақсатым. Менің жұмысымның жемісі – сол. Ана бақытын сезінген нәзік жандардың бақытты жүзін көру – мен үшін үлкен жетістік, – деп сөзін қорытындылады Мөлдір Жамбылқызы.

Өз ісіне адал әрі еңбекқор Мөлдір қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысады. Қазіргі таңда қалалық көпбейінді ауруханасының гинекология бөлімінде дәрігер гинеколог қызметін қоса атқарады.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ҚАР ЖАУЫП

Наурыз есік қаға сала қар қалың түсіп, ақпан айы ұзаққа созылғандай көрінді. Қызылордаға да көктем кеш келеді екен деп әзілдесіп те жүрдік. Жапалақтап жауған қар күні бойы тоқтамай жол да жабылды. Мұндай кезде қызметке әрдайым дайын тұратын «Қызылорда тазалығы» мекемесі уақытпен санаспай жұмыс істейді. Солардың арасында қаншама әйел азаматшалар ер адамдармен ық тенестіре қызмет етуде. Бүгінгі кейіпкеріміз жаны нәзік болғанымен қолындағы ауыр күректі сезбейтіндей. Қайраты мен төзімі темірдей, ал жігері кез келген ауырлықты енсеретіндей күйде.

Сырттан келген қонақтар қаламыздың тазалығына қарап таңқалып жатады. Меймандардың таза көшелерге тамсанған бейнежазбасын желілерден де көріп жүрміз. Бұл әсемдік таңмен таласа оянып, кеш батқанша қолынан күрек түспейтін тазалықшылардың ісі. Басқалардан бәсі биік, нағыз еңбек осыларда сияқты. Тепсе темір үзетін жігіттермен қатар әйел азаматтар қолына сайман ала іске кіріскен.

Қала тазалығын қамтамасыз етіп жүрген Жанар Құлымбетова да осы жандардың қатарында. Бір қыз, екі ұл тәрбиелеп отырған Жанар қала тазалығымен 8 жылдан бері айналысып келеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей кез келген істе, бірігіп жасаудың маңызы зор екенін айтады.

– Негізі қызметіміз, әрине, тазалық. Қыс ауасы түскенде жолды қардан, жаяу жүргіншілер жолын мұздан, жаз айында көшелерді қоқыстан тазартамыз. Таңғы сағат 7:30 дан бастап кешке дейін қызметіміз үшін төленетін айлық табысымызға да көңіл толады. Сондай-ақ жыл сайын мерекелерде төленетін сыйақыдан құр қалмаймыз, – дейді кейіпкеріміз.

Қала тазалығына немқұрайлы қарайтын жастар да жоқ емес. Бос құтыны лақтыра салып, темекі қалдығын тастай салатындар да кездеседі. Дегенмен соңғы уақытта тұрғындардың көпшілігі тазалыққа мән беретінін айтты.

– Қала тұрғындары уақыт өте тәртіпке келіп жатыр. Кейде мұз ойып жатқанда жастар да келіп көмектесіп жатады. Бір жағынан қолғабыс етіп жылы ниет білдірген оларға біз де алғысымызды айтамыз. Алайда мінсіз адам болмайтыны сияқты отырған жерін шашып кетіп жататындар да бар.

ол – сенің махаббатыңнан!

Бір қазақ үйлі болса қуанамыз. Жиырма жылдан аса уақыт ішінде «Отбасы банк» ел азаматтарының баспаналы болуына септігін тигізіп келеді. Мұнда қызмет жолында үй аламын деп талаптанып жүргендерге жәрдемдесіп, алғыс арқалап жүрген жандар да бар. Солардың бірі – «Отбасы банктің» Қызылорда филиалының клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы Жанар Оспанова.

ӘР ОТБАСЫНЫҢ БАСПАНАЛЫ БОЛҒАНЫН КӨРУ – ҮЛКЕН ҚУАНЫШ

Ол еңбек жолын 1988-2005 жылдар аралығында Арал қаласындағы Агроөнеркәсіптік банктің несие бөлімінің бөлім басшысы болып бастаған. Одан кейін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкісінде» бас маман, бөлім басшысы қызметтерін атқарған. 2014-2019 жылдары Сбербанк, Даму, Казагрофинанс қаржы мекемелерінде жұмыс істеген. 2006-2013 жылдары «Отбасы» банктің Қызылорда облыстық филиалында мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына өз үлесін қосты. 2019 жылдың шілде айынан «Отбасы банк» клиенттермен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

– 1984-1988 жылдары Алматы ауылшаруашылық институтын финанс және кредит факультеті бойынша білім, экономист мамандығын оқыдым. Мектеп қабырғасынан математика пәнін сүйіп оқитынмын, сосын да есепке жақын болдым. Қазіргі қызметте әр отбасының баспаналы болып, қуанышын көру жаныңды жадыратады. «Отбасы банк» – елімізде жүзеге асып жатқан тұрғын үй құрылысын дамытуды мемлекеттік бағдарламаларды орындаушы басты оператор. Ең алғаш банк ашылғанда мекемелерді аралап, халықтың осы банкті тануына атсалыстық. 2008-2010, 2011-2013 жылдардағы бағдарламаларды жүзеге асыруға қатыстым. 2019 жылдан «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қаламыздың сол жағалауынан бой көтерген үйлер пайдалануға берілді. Қазіргі таңда елімізде 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың тұжырымдамасы аясында үйлер берілуде. Әр баспанаға мұқтаж азаматқа дұрыс бағыт-бағдар беріп, тұрғын үй құрылыс жүйесі бойынша банкте қаражат жинау жолдарын түсіндіріп, дұрыс ақпарат беру басты парызым деп білемін, – дейді Жанар Нұралықызы.

Жанар Оспанова банк саласында 37 жыл қызмет атқарған. Осы жылдар ішінде қаншама адамға қызмет көрсетіп, баспаналы болуына көмектескен. Өзінің айтуынша, жұмысының арқасында халықтың алғысына бөленіп жүр.

– Біздің қызмет халықтың ықыласына бөленетін жұмыс. Себебі тұрғындардың үй алған кездегі қуанышын көру бақыты бізге бұйырған. Олардың сол кездегі көңіл күйін айтып жеткізу мүмкін емес. Әрбір қызметкер үшін өзіміз баспаналы болғандай қуанамыз. Әрбір келген жас маманға осы саланың қызметтерін дұрыс атқаруды, халыққа нақты ақпарат жеткізуді үйретемін, – дейді Жанар Оспанова.

Жанар Нұралықызы айналасында жүрген таныстарына, достарына да банк арқылы баспаналы болудың жолдарын түсіндіре жүреді. Себебі білгенін бөліскенді жақсы көреді. Халыққа ақшасын ысырап қылмай, мұқият жинақтап, баспаналы болуға кеңес беруден шаршаған емес.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ТҰРҒАН КӨКТЕМДЕ...

Қала тазалығына қамқорлық етіп жүрген жандар үшін ең бастысы – халықтың ықыласы. «Сіздердің арқаларыңызда қаламыз көркейіп қалды» деген алғысты естісек бір марқайып қаламыз», – дейді Жанар Ережепқызы.

Тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін тазалықпен қоса жайқалған жасыл желектің де маңызы зор. Өткен жылдан бастап қаланы көгалдандыру мен жасыл желекпен көмкеру мақсатында «Жасыл Қызылорда» мекемесі қызмет етуде. Гүл егу, тал отырғызу сынды жұмыстар осы мекеменің міндеті. Талай азаматтарды жұмыспен қамтып отырған бұл орталықта түрлі тағдыр бар. Кейіпкеріміз Салтанат Әлмаханованың қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі 12 бала жұмыс істеп жатыр. Кейде біз өз ойымызды анық жеткізе алсақ та тіл табыса алмай жатамыз. Бір-бірімізбен сөйлесіп тұрып, бір-бірімізді түсінбейміз. Ал бұл жандар бір-бірін ыммен түсінсе де, бірігіп жұмыс істеуді мақсатына айналдырған.

– Менде құлағы нашар еститін 12 бала жұмыс істейді. Арасында өзімнің де балам бар. Басыма түскен жағдай болғаннан соң қарауымдағы жұмысшылардың жағдайын жақсы түсінемін. Басшылықтың берген тапсырмасын түсіндіріп орындату – менің міндетім. Әрдайым балаларыма жұмыс істеп, нан тауып отырғандарын өздеріне жақсы деп ақыл айтып отырамын. Сонымен бірге қаламыздың көркеюіне үлес қосып жатсындар деп те түсіндіремін, – дейді Салтанат Әлмаханова.

Мұндай жандардың қоғамнан қалыс қалмауы үшін басшылықтың да үлесі зор. Қазіргі уақытта жер аударып көктемгі егіс науқанына дайындалып жатыр. Көктемнен бастап гүл отырғызу, газон егу жұмыстарымен айналысады.

Қаламыздың көркеюіне жаны нәзік болса да ауыр еңбектен тайсалмай, табандылығымен үлес қосып жүрген Салтанат тәрізді жүздеген келіншек бар. Олар өз отбасының ұйытқысы ғана емес, түрлі салады қажырлы еңбек етіп, мықтылығын дәлелдеп жүр. Күрек ұстап, құрылыс жасап, жер жыртып, басқа да ауыр жұмыстарға қарамастан өздерінің нәзіктігін сақтап келеді. Осындай еңбеккор әйелдерге құрмет көрсету – баршамыздың міндетіміз.

Думан КЕҢШІЛІК
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Бүгінде әйелдер қаржы саласында аналитикалық, ұйымдастырушылық қабілеті мен табандылығы арқылы биік жетістіктерге жетіп, экономиканың дамуына айтарлықтай үлес қосуда. 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні қарсаңында жеке тұлғалардан проблемалы берешегін қайтару бағытының Қызылорда «ForteBank» АҚ филиалының сарапшысы Жұлдызай Құттыбайқызымен сұхбаттасудың сәті түсті. Ол банк саласындағы тәжірибесімен бөлісіп, әйелдердің қаржы саласындағы рөлі, мансап пен жеке өмір тепе-теңдігі туралы өз пікірімен бөлісті.

Жұлдызай СЫДЫҚОВА, «ForteBank» АҚ Қызылорда филиалының жеке тұлғалардан проблемалы берешегін қайтару бағыты бойынша сарапшы:

ӘЙЕЛДЕР ҚАРЖЫ САЛАСЫНДА ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМДІЛІК ОРНАТАДЫ

– Банк саласында жұмыс істеу сіз үшін несімен ерекше? Бұл мамандыққа қалай келдіңіз?

– Банк саласы – үнемі даму мен жауапкершілікті талап ететін сала. Қаржы саласында қызмет жасау алдымен аса жауапкершілікті талап етеді, өйткені жұмыс ірі қаржы ресурстарымен тікелей байланысты. Қызығы мен қиындығы қатар жүреді десем қателеспеймін. Мұнда аналитикалық қабілет, сандармен жұмыс істеу, коммуникабельділік, дипломатиялық қасиет ұқыптылық маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар бұл салада мансаптық өсу мүмкіндігі жоғары. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Мен бұл мамандықты саналы түрде таңдадым.

– Сіздің ойыңызша, қаржы саласындағы әйелдердің рөлі қандай?

– Бүгінде қаржы саласындағы әйелдердің ықпалы зор. Олардың аналитикалық ойлау қабілеті, ұйымдастырушылық қасиеті мен жауапкершілігі жоғары болғандықтан, олар жауапты лауазымдарға тағайындалып, қаржы саласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Әйелдер қаржы секторында тұрақтылық пен сенімділік орнатуға көмектеседі деп ойлаймын.

– Қызметте де, өмірде де жетістікке жету үшін қандай қағидаларды ұстанасыз?

– Ең басты қағида – жауапкершілік пен адалдық. Үнемі ізденіп, білім алып, өзімді жетілдіруге тырысамын. Сондай-ақ спорт пен дұрыс тамақтануды ұмытпаймын. Жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау да өте маңызды.

– Қызмет пен жеке өмірді қалай тең ұстауға болады?

– Ең бастысы, өзіңізді тыңдау. Мансап та, отбасы да маңызды, бірақ олардың арасында үйлесімділік болуы керек. Өзіңізге уақыт бөліп, рухани дамуға, демалысқа да көңіл бөлген жөн.

– Өзіңізді бес жылдан кейін қай бағытта көресіз?

– Қазіргі таңда қаржы саласындағы тәжірибемді жас мамандарға үйретуді қалаймын. Заманауи технологиялар дамыған уақытта мақсатсыз жүру мүмкін емес деп есептеймін. Жоспар көп, бірақ оларды әзірге құпия сақтағым келеді. Дегенмен бес жылдан кейін өзімді кәсіби тұрғыда жаңа белестерді бағындырып, біліктілігімді одан әрі дамытқан маман ретінде көремін.

– Барлық әріптес әйелдерге және банк саласындағы аруларға қандай тілек айтар едіңіз?

– Ең алдымен сіздерге алғыс айтамын. Мереке қарсаңында менен сұхбат алғаныңыз үлкен сый болды. Журналистер қауымын ерекше құрметтеймін, өйткені әкем Құттыбай Сыдық осы Сыр өңірінің белгілі журналист-жазушысы болған. Облыстық, республикалық газеттерде қызмет атқарды. Әкеммен бірге қызметтес болған журналистерді жақсы танимын. Осы орайдаұжымдағы әйелдер қауымын келе жатқан 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Отбастарыңызға бақыт, қаржылай тұрақтылық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін, қаламдарыңыз ұштала берсін, оқырмандарыңыз көп болсын деген тілек білдіремін! Барша әріптестерімді 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Зор денсаулық, кәсіби табыс, отбасылық бақыт пен шабыт тілеймін! Әр күндеріңіз қуаныш пен мерекеге толы болсын!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Назерке Төлеуғазықызы ұзақ жылдар бойы әскери азаматтың жары ғана емес, тілеуі, тірегі. Ол – ерінің Отан алдындағы міндеті үшін отбасындағы балаларының жауапкершілігін өз мойнына алған қамқор ана. Ол – әскери азаматтың қоғамдағы қалтқысыз қызметі үшін өзінің жастығы мен білім-білігін арнаған дана әйел. Ол – салмақты саланың ауыры мен жеңілін тең қабылдап, шаңырағының шырайын келтірген ардақты да адал жар. Кейіпкеріміз Назерке Төлеуғазы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Төрешқұдық» шекара бөлімшесі бастығының адал жары. Әскери адамның жары болу – әскери қызметкер болумен тең.

Назерке ТӨЛЕУҒАЗЫ

ӘСКЕРИ АДАМНЫҢ ЖАРЫ БОЛУ – ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕР БОЛУМЕН ТЕҢ

– Назерке Төлеуғазықызы, әскери қызметкердің жары болу қаншалықты қиын?

– Менің өмір жолым шекара қызметімен тығыз байланысты, бірақ мен әскери қызметкер емес, әскери қызметкердің жұбайымын. Өздеріңіз білесіздер, әскери қызмет – асқан жауапкершілік пен үлкен төзімділікті қажет ететін сала. Тек сол салада қызмет атқаратын азаматтар үшін ғана емес, олардың отбасы мүшелері үшін де бірде ауыр, бірде жеңіл тұрмысқа бейімделуге тура келеді. Жолдасым әскери қызметте, ал мен педагогика және психология мамандығы бойынша жұмыс істеймін. Әскери қызметкердің жары болу әскери қызмет атқарғанмен бірдей.

– Әскери қызметкер болмасаңыз да шеніңіз бар. Сізді шекара қызметімен не байланыстырады?

– Шекара қызметімен байланысым отбасымның әскери дәстүрлерінен бастау алады. Күйеуімнің әскери қызметте болуы мені осы салаға жақындата түсті. Отбасы мүшелерімнің әскери өмірі туралы әңгімелері мені қызықтырды, сондықтан бұл салаға қызыға бастадым. Алғашқы қызметімді ерекше балалармен бастасам да, кейін әскери сала өкілдерінің психологиясы, олардың жан күйзелісі, ішкі моральды-психологиялық құндылықтарын, өмір сүру салт-санасын зерттей бастадым. Бұл салаға бірден келе салған жоқпын. Үлкен ізденістің, ішкі дайындықтың әрі күйеуіме деген махаббатымның әсері болды. Әрине, жас отбасы ретінде балалардың тәрбиесі – өз мойнымда. Жолдасым әдетте қызметтен босамайды. Бұл салада жұмыс істеу кез келген адамның қолынан келетін нәрсе емес.

– Заставадағы өміріңіз туралы айтып берсеңіз. Жолдасыңыз әскери қызметте болған кезде қандай қиындықтармен бетпе-бет келдіңіз?

– Заставада өмір сүру – ерекше тәжірибе. Қиын әрі қызық. Күйеуімнің жұмысына байланысты жиі көшіп-қонып жүруге тура келеді, бұл кейде моральды тұрғыда шаршатады. Бір жердің адамдарына, өмір салтына бейімделіп қалған кезде, басқа жерге көшу, ол жақтың тұрмысын қайта меңгеру қиын. Бірақ мен әрдайым оның жанында болып, қолдау көрсетуге тырысамын. Күйеуімнің қызметіне адалдығы, оның бойындағы ер азаматқа тән қасиеттер ол қиындықтарды жеңіл еңсеруіме күш береді. Мені үнемі қолдап, әрбір бастамама шабыт беріп отырады. Әйел үшін одан артық не қажет?!

– Отбасының бірлігі мен қолдауы өте маңызды екені көрініп тұр. Қандай құндылықтарды ұстанасыздар?

– Біз отбасымызда әрқашан бір-бірімізге қолдау көрсетуге тырысамыз. Махаббат, түсіністік және шыдамдылық — біздің басты құндылықтарымыз. Әскери өмірдің қиындықтарын бірге жеңу арқылы біз бір-бірімізге жақындай түсеміз. Отбасы – шағын мемлекет. Жарым – сол мемлекеттің тірегі болса, мен – ұйытқысымын. Мемлекет алдындағы жауапкершілік қандай болса, отбасы алдындағы міндет те, махаббат та дәл сондай. Екеуін әрдайым тең ұстауға тырысамыз.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет!

Әңгімелескен **Әкімжан ТӨЛЕБАЙ,**
ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің офицері

«Болашақтан» болашаққа бет алған СПОРТШЫЛАР

Иә, қазақтың қаракөз қызы Әлем чемпионатында да, Азия чемпионатында да бақ сынап, чемпион атанған. Қазақстанның 10 дүркін чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Оның осындай жетістіктері мен оқу орнының мақтанышына айналғаны үшін университет оның оқу ақысына 15 пайыз жеңілдік берген.

«Мен жарыста жеңіске жеткенде туған елдің алдындағы перзенттік парызым деген түсінік тұрады», – деді әңгіме арасында оқу орнының тағы бір чемпион студенті Нұрислам Орынбасар. Ол көптен бері гір көтеру спортымен шұғылданады. Шымыр жастың шыңға бастаған әрбір арманы жеңіс жолына бағыттауда. Нұрисламның қоржынында Әлем чемпионатында алған екі бірдей қола медалі және бірқатар жоғары деңгейлі турнирлердегі жеңісі бар. Бішкекте өткен Азия чемпионатында II орынды еншілеген ол күміс медалға қол жеткізді. Астана қаласында өткен Қазақстан чемпионатының жеңімпазы.

– Алдағы мамыр айында Қытайда өтетін Әлем чемпионатына дайындалып жүрмін. Бұйыртса, ол жерде де қазақтың қазақтығын, азаттығын танытып, кешегі жаужүрек бабалардың бүгінгі ұрпағы да білек пен біліктің күшін сарапқа салатынын көрсеткім келеді. Спортшы мықты, табанды, шыдамды болу керек. Қаншалықты тер төксең, соншалықты жетістікке жетесің. Оқу орныма да айтар алғысым зор. Қазіргі таңда университет маған оқу ақысын төлеуге 50 пайыз жеңілдік сыйлады. Бұл – мен сияқты бүгінгі жастар үшін үлкен қолдау, – дейді Нұрислам.

Оқу орнында жауырыны жерге тимеген Руслан Теміржандай палуан бар. Ол он төрт жылдан бері қазақ күресімен айналысады. Қақпақ жауырын, апайтөс Қажымұқандардың жалғасы. Сәт сайын жетістік желкенін керіп, алға басқан әр қадамын тұғырға бағыттап келеді. Сайын дала төсінде құлагерге мініп, көсіле шапқан қазақтай дана халықтың ұлттық спортын төрге шығарып, жанына жақын тұтқан жас талант оқу орнының 3-курсында оқып жүр.

– Мен – Қазақстанның бес дүркін чемпионымын. Жақында ғана өткен «Дала қырандары» атты тартысты өткен доданың жеңімпазымын. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген атағым бар. Әрине, мұның бәріне оңай қол жеткізбедім. Әрбірінде төгілген маңдай тер бар. Спортшы үшін ерік-жігер деген ұғым бірінші тұруы керек. Мына мақсатқа жетемін деген межең болса, оған жету жолында кез-келген қиындықтан қорықпай өткенің ләзім. Өзіңе-өзіңнің сөзің өтіп, жалқаулығыңды жеңе алсаң, чемпион болуға тер төге аласың. Сауырға қамшы басып алға шығуың үшін шыдамдылық пен төзімділік керек, – дейді Руслан Теміржан.

Төрткүл дүниенің таңдайын қақтырып, әлем төрінде қазақтың даңқын асырып жүрген алыптардың ізбасарлары осылай тәрбиеленуде. Бүгінде «Болашақ» университеті олардың әрбіріне қолдау көрсетіп, чемпиондардың қалыптасуына мән беріп келеді.

Сырттай қарап көз сүйсінген көрініске бәрекелді достық. Бірі-бірінен өткен сайыпқырандар әрбірі өз бағыты бойынша дайындық қамына кірісіп кеткен.

Аян СПАНДИЯР,
Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

Сәлима МАЛИМОВА, ардагер ұстаз, «Анаға тағзым» орталығы әдістемешісі, «Жас Отау» клубының жетекшісі:

БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ ҚҰРСАҚТАН БАСТАЛАДЫ

– Бүгінгі қыз баланың бүкпесіз сыр айтатын адамы бар ма? Ана мен қыздың арасындағы байланыс қандай? Біз осы тұрмыстың соңынан қуалап жүріп, рухани байлықты екінші орынға қойдық. Осы тұрғыдағы көзқарасыңыз қандай?

– Өте орынды сұрақ. Сабақ берген уақытымда студенттерден «жеңгелеріңмен қандайсыңдар?» деп сұрадым. Бәрі әр жерден жақсы, жақсы десіп жатты. Жауаптың шынайы еместігіне көз жеткізген соң, шынын айтуды сұрадым. Көбісі басын төмен салып, күмілжіп қалды. Сонда мен оларға жаңа түскен келіннің өзінің туып-өскен мекенін, ата-анасын тастап, түскен жеріне сіңісу үшін келетінін, оларға қайынсіңлілерінің қолдауы керек екенін айттым. Әрбірден соң жеңге – қайынсіңлінің ең жақыны, сырласы болуы керегін ескерттім. Қазір жеңгесіне сырын айтатын қыздар азайды. Қазақ осы дәстүрі арқылы қанша бұрыс жағдайдан сақтанған ғой. Қазірде қыз бен ананың, жеңге мен қайынсіңлінің арасындағы байланыс азайған. Жан дүниесінде не болып жатқанын кімге айтарын білмей жүрген қыз балалар көп.

– Ана – Алланың нұры жауып, мейірім мен махаббаты құйылған сүйікті құлы тәрізді. Ана – алыста жүрген баласының қиналғанын сезетін, жан дүниесіне терең үңіле алатын ерекше жан. Иә, өмірге келген әрбір пенде ананың пейілінің қазақтың дархан даласындай кең екеніне шүбә келтірмесі анық...

– Осы жерде сөзіңізді бөлгім келіп тұр. Біздің алдыңғы буынның басынан өткен бір оқиғаны айтып берейін. Абысынды-келінді әжелеріміз ертеректе Ақтөбе жаққа қоныс аударып бара жатқанда үлкенінің 20 баласы бірінен соң бірі ауырып, күніге екі баладан Жер-Ананың қойнына тапсырған екен. Кішісі үлкенінің қайғыдан қан жұтып, қапа болғанына шыдамай, өзінің бір қызын беріпті. Кейін жолдан отағасылары келгенде жолдасы «қызды неге бердің?» деп ренжіген ғой. Сонда кіші әжеміз «абысынның жиырмасы кеткенде, сенің бір қызың кетсе, не бопты?» деп бір ауыз сөзбен басқан екен. Ананың жанын ана ғана ұғады. Ананың жан дүниесіне ана ғана бойлай алады. Ананың көңілінің дархандығы, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербейтінінің де бір маңызды мысалы – бұл.

– Мұның барлығы тәрбиенің дұрыс берілуіне жолбағдар тәрізді. Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші, баласына бесік жырын айтпаған анадан, екіншісі, немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшінші, бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан» деп жазған екен. Батырдың осы қорқынышын көзімізбен көріп жүрміз ғой... Мұның ақыры неге апарады екен?

– Кезінде Жүсіп Баласағұн бабамыз «Бала нені білсе жастан, ұядан, өле өлгенше соны таныр қиядан» деп айтқан екен. Шынында, баланың бас ұстазы – ата-анасы. Ал тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтеріп, ақ сүтін беріп, түн ұйқысын төрт бөліп бесік таянған ананың орны ерекше. Бесік жыры – ол тек әуен ғана емес, онда ананың тілегі, махаббаты жатыр. Бұл да тәрбие бастауы. Бұрынырақта ес біле бастағаннан әке ұлын жанына ертіп, сырттың, түздің тірлігіне баулыса, ана қызы желкілдеп көзге түсе бастағаннан-ақ үй тіршілігіне бейімдеп, ас әзірлеу, қолөнер тәрізді дағдыларға үйреткен. Өзіміз де анамыздың «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» тәмсілімен өстік.

Өзім балаларға ертегі айтамын. Олар да соған үйренген. Немерелерім ертегі тыңдамай, ұйықтамайды. Мәселенің бар екені, рас. Бірақ оны түзеуді әрбіріміз өзімізден бастауымыз керек. Өзіміз бесік жырымен нәрестені ұйықтатып, оған ертегі айтып, отымыздың басында ана тілімізде сөйлесек, соны көріп өскен балалар жолдан таймайды. Абзалы – осы...

– Немересіне ертегі айтатын әженің тәрбие беру әдістемесі қандай екен? Бөлісе отырыңызшы... Әсіресе, қызға қырық үйден тыйым жасайтын қазақтың қызға тәрбиесі көп ойландырады...

– Бүгінгі қыз – ертеңгі жар, келін, ана. Міне осы үш буын арқылы ұрпақ тарайтынын бағамдаған халқымыз қызды құрметтеп, төрінен орын берген. Сонымен қатар қызының жат жұрттық екенін пайымдаған анасы отбасылық құндылықтарды құлағына сіңіре берген. Ал қазір ше? Әрине, бәрі теріске кетті деуден аулақпын. Десек те, қазіргі ұлды да, қызды да әлемжелі, ондағы сан түрлі құбылыстар тәрбиелеп жатқандай. Ал әлемжеліде жақсымен қатар жаман да бар. Сол кертартпа дүниелерге қарсы тұра алатындай балаларда иммунитет болу керек. Оны қалыптастыратын, алдымен, ата – анасы. Ата-ананың сауаттылығы, салауаттылығы, жан-жақтылығы, пайым-парасаты дәл қазір аса маңызды. Өкініштісі, баласымен бірге әлемжелі жетегінде кетіп жатқан ата-ана да бар. «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге», – дейді Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов. Демек, әр балаға өзінің ата-анасы – өнеге. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз де тегін айтылмаған.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында, нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», – дейді дана Абай. Балаға берілетін тәрбиенің үлкені, ол – еңбекке баулу. Міне, осы жағы да қазір ақсап жатқандай. Шындыққа тура қарайықшы, балаларымызды еңбекке бейімдеп жатырмыз ба? Баласының тамағын тоқ, көйлегін көк қылумен қазір көп ата-ананың тәрбиесі тәмам. Ұлды да, қызды да тіршілікке, өмірге бейімдеу жағы өте әлсіз. Мән бермей кеттік. Нәтижесінде, тіршілікке, жалпы өмірге, тұрмысқа икемсіз ұл, қыз өсіп келеді. Шаңырақ көтерген жастардың тез ажырасып кетуінің де бір себебі – отбасылық өмірге дайын болмауларында.

– Ажырасу деп қалдыңыз... «Әкеңнен сұран», «Әкең біледі», «Әкеңе айт» деген сөздерді айтатындар қазір бар ма? Осы мәселеде әкелердің қоғамдағы рөлі төмендеп кеткенінің де ықпалы бар ма?

– Отағасы өмірден өткен бір апамыз үнемі артық ақшаны төрде ілулі тұрған жолдасының кәстөмінің қалтасына салып қояды екен. Балалары келіп ақша сұраса, әкеңнің қалтасынан ал дейтін көрінеді. Осы бір әрекеттің астарына үңіліп көріңізші. Балалардың әкесі өмірден өтсе де, отбасының төрінде әкеге деген ерекше құрметті байқауға болады. Балалардың санасында «ақшаны әкемнің қалтасынан алдым ғой» деген үлкен ұғымды қалыптастырды. Қандай керемет иә...

Бір жиында біз осы сіз қойған сұрақты тақырып етіп алдық. Сонда бір келіншек «Әкелердің қоғамдағы орнын түсірген жоқпыз, біз төбесіне мініп алдық олардың» деп бастады әңгімесін. Бәріміз аңтарыла, әлгі келіншектің аузына қарап қалдық. Ол асықпай сөзін жалғады. «Қызым тұрмысқа шығатын болып, алдын ала құдағимен оңаша кездесуге бардым. Сонда біз кететін қыздың жағдайын, шақыратын қонақтар тізімін, алыс-беріс қамына дейін бәріміз өзіміз шешетін болыппыз ғой. Қатты ойландым. Біздің жақта қалыңмалды алдын ала беретін дағды бар. Соның қамымен болашақ құдағай менің қолыма ақша ұстатты. Дереу, бас тарттым да. «Құдағай, біз онсыз да бәрін тартып алыппыз. Алыс-берісті де шешіп отырмыз. Қонақтардың тізімін де шешіп отырмыз. Тым құрыса, осы қалыңмал жайын сіздің отағасыңыз менің отағасыма апарып берсін» дедім. Құдағай екеуміз осылай шештік». Әлгі келіншек қоғамдағы бір оқиғаны ғана баяндай келе, тұтас ұлттың мәселесін көрсетті. Міне, мен де сіздің сұрағыңызға осы мысалмен жауап бердім деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен **Дәулет ҚЫРДАН,**
Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Басы 1-бетте

РАМАЗАН – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Рамазан айы – мұсылман қауымының рухани өміріндегі ең қасиетті кезеңдердің бірі. Бұл айда ораза ұстау, дұға жасау, қайырымдылық жасау арқылы өзімізді рухани жаңғыртып, қоғамға пайдалы болуға ұмтыламыз. Рамазан – тек діни міндеттерді орындау ғана емес, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерді дамыту мен жақсылық жасауға негізделген бірегей мүмкіндік.

Рамазан айының қадір-қасиеті

Рамазан айы – Алланың құлдарына берген ерекше берекесі мен мейірімі. Бұл айда ораза ұстап, күндізгі уақытта тамақтанудан және жаман әрекеттерден аулақ болу арқылы біз өзімізді тәртіпке шақырып, рухани тазаруға мүмкіндік аламыз. Ораза – адамның сабырлылығын, төзімділігін арттырып, өзін-өзі бақылауға үйрететін маңызды процесс.

Жақсылық жасау – Рамазанның басты мақсаты

Рамазан айы – қайырымдылық жасау үшін ерекше уақыт. Бұл кезеңде адамдар бір-біріне мейірімділік танытып, көмек көрсетуге ынталанады. Ауызашар ұйымдастыру, кедейлер мен мұқтаждарға азық-түлік тарату – мұның бәрі қоғамдағы бірлікті нығайтып, адамдар арасында бауырластық сезімін оятады.

Мешіттер мен қоғамдық ұйымдар осы айда қайырымдылық акцияларын өткізіп, мұқтаж жандарға қолдау көрсетеді. Бұл – біздің қоғамымыздағы ынтымақтастық пен мейірімділіктің көрінісі.

Рухани жаңғыру мен әлеуметтік жауапкершілік

Рамазан айы – рухани жаңғыру мен өзін-өзі жетілдіру кезеңі. Мұсылмандар бұл уақытта дұға жасап, Аллаға жақындау үшін түрлі амалдар жасайды. Әрбір адам өз жүрегінде мейірімділікті ұялатып, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі тиіс.

Рамазанның соңында келетін Ораза айт мерекесі – адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттырып, қоғамда мейірімділік пен ынтымақтастықты күшейтеді. Бұл мереке – жақсылықтың, мейірімділіктің және ортақ қуаныштың белгісіндей.

Рамазан – жақсылық жаршысы. Бұл айда адамдардың жүрегі мейірімге толып, жақсылық жасауға деген құштарлығы артады. Рамазанның мәні рухани тазару мен қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.

Ғалымжан ОРМАНБАЙ,
қалалық қоғамдық даму бөлімінің теолог маманы

Газеттің келесі саны 15 наурыз, сенбі күні шығады.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4402 **Тапсырыс №389**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК